

## Ардагерлер академияға барды

Марат Қабдысалықов басқаратын «Ата» қоғамдық қорының отызға жуық ардагері Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының тыңдаушыларымен кездесті.

Жастар ардагерлерді қошеметпен қарсы алып, академияның бастығы Мирлан Қызылов оқу ордасының жаңалықтарын ортаға салды. Ардагерлер аталған оқу орнына осыдан төрт жыл бұрын келген болатын. Мінекей, араға ұзақ уақыт салып, академияға қайтадан атбасын тіреді. Аға буын өкілдері құқық қорғау органдарының болашақ қызметкерлеріне ақыл-кеңестерін, ақ тілектерін айтты. Сонымен қатар, академияның оқыту процесімен танысып, спортшы жастардың өнерін тамашалады.

Академиядағы оқыту процесі заман ағымына сай дамып отырады. Соңғы екі жылдың өзінде мақтана айтарлық жаңалықтары көп екен. Былтыр 9 желтоқсанда оқу ордасына мемлекет және қоғам қайраткері, ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді. Академияның Шырақбек Қабылбаевтың атымен аталуы да жастарды патриоттыққа үндеп тұрғандай.

Оқу ордасында екі мұражай бар. Бірі академияның өткен тарихынан сыр шертсе, енді бірі Шырақбек Қабылбаевтың өмірі мен қызмет жолына арналған. Мұражайдан басқа өнер үйірмелері де жұмыс істейді. Құқық қорғау органдары қызметкері атанып, қоғамдық тәртіпті қорғауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бел байлаған тыңдаушылар осы жерде төрт жыл оқып, дайын маман болып шығады. Оқу бітірген соң жолдамамен жұмысқа жіберіледі. Қазіргі күні мұнда Қазақстанның әр облысынан келген жастар оқып жатыр. Тыңдаушылардың арасында қыздар да бар.

- Ұлттық қауіпсіздік комитетінде 27 жыл қызмет еттім. Кейін ҚМУ-дың заң факультетінде жұмыс істедім. Тәуелсіз еліміздің жастарын көріп, өзімнің албырт шағым есіме түсіп отыр. Бізді академияның тұрмыс-тіршілігімен таныстырды. Спортшы, өнерлі жастар көп екен. Мерейіміз өсіп, қуанып қалдық. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау да қомақты. Отанға адал қызмет ететін азаматтарды тәрбиелеп жатқан академияға алғыс айтқым келеді – деді ҰҚК ардагері Ғалихан Мәулетов.